

ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL



ӘОЖ 94 (574)

**2023 ЖЫЛЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН  
ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ  
(ҚЫСТАУЛАР ЖӘНЕ ҒҰРЫПТЫҚ ОРЫНДАР)**

**О.Ж. Ошанов**

Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Мақалада 2023 жылғы Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) территориясында атқарылған этноархеологиялық зерттеулердің нәтижелері берілген. Оның ішінде қазақ қыстаулары, олардың орналасу ерекшеліктері, үй құрылыстары кең көлемде қамтылады. Қыстаулардың орналасуында жергілікті желдердің шешуші маңыз атқарғандығы анықталады. Сонымен қатар, XIX ғасырда Петропавл уезінде қыстауларда тұрғызылған мешіттер де қарастырылады. Мақаланың біраз бөлігі аймақтағы көне қазақ зираттарына арналған. Қазақ зираттарының өзіндік сипаты, құрылысы және жерлеу ғұрпына байланысты кейбір ерекшеліктері сөз болады. Жергілікті халық арасыда айтылып келе жатқан естек халқы, «естек обалары» жайлы мәліметтер қарастырылады.

**Тірек сөздер:** қыстаулар, жайлау, зират, мешіт, керей, атығай, уак, Сібір, Петропавл, Көкшетау, Есіл.

**Сілтеме жасау үшін:** *О.Ж. Ошанов.* 2023 жылы Солтүстік Қазақстан облысында атқарылған этноархеологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелері (қыстаулар және ғұрыптық орындар).//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). б.б. 132-139. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.11

**НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКИХ  
ИССЛЕДОВАНИЙ, ПРОВЕДЕННЫХ В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В  
2023 ГОДУ (ЗИМОВКИ И РИТУАЛЬНЫЕ МЕСТА)**

**О.Ж. Ошанов**

Институт археологии им. А.Х. Маргулана (Казахстан)

**Аннотация.** В статье представлены результаты этноархеологических исследований, проведенных на территории Северо-Казахстанской области (СКО) в 2023 году. В частности объектами исследования стали казахские зимовки, особенности их расположения, виды домостроений. Определено, что решающую роль в расположении мест зимовок играют местные ветры. Кроме того, рассмотрены мечети, построенные в XIX веке на зимовках. Часть статьи посвящена древним казахским кладбищам региона. Рассматриваются некоторые особенности казахских кладбищ, связанные с их устройством и с погребальным обрядом. Рассмотрены сведения о народах естек (иштяк), о «могилах естеков», которые бытуют среди местного населения.

**Ключевые слова:** зимовки, летовки, кладбище, мечеть, род, керей, атығай, уак, Сибир, Петропавл, Кокчетав, Ишим.

**Для цитирования:** *О.Ж. Ошанов.* Некоторые результаты этноархеологических исследований, проведенных в северо-казахстанской области в 2023 году (зимовки и ритуальные места).//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). С. 132-139. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.11

**SOME RESULTS OF ETHNOARCHAEOLOGICAL RESEARCH CONDUCTED  
IN THE NORTH KAZAKHSTAN REGION IN 2023 (WINTERING AREAS AND  
RITUAL PLACES)**

**O. Zh. Oshanov**

A.Kh. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)



**Abstract.** The article presents the results of ethnoarchaeological research conducted on the territory of the North Kazakhstan region (NOR) in 2023. It widely covers Kazakh wintering grounds, the features of their location, and house construction. It has been determined that local winds play a decisive role in the location of wintering sites. In addition, mosques built in the 19th century in winter quarters are considered. Part of the article is devoted to ancient Kazakh cemeteries in the region. Some features of Kazakh cemeteries related to their structure and funeral rites will be considered. The article deals with the Estek (Ishtyak) peoples, about the "graves of the Yesteks", which are mentioned among the local population.

**Keywords:** Wintering, summering, cemetery, mosque, clan, kerey, atygay, uak, Siberia, Petropavl, Kokchetav, Ishim.

**For citation:** O. Zh. Oshanov. Some results of ethnoarchaeological research conducted in the north Kazakhstan region in 2023 (wintering areas and ritual places).//MUSEUM.KZ. 2023. No 3 (3). p.p. 132-139. DOI 10.59103/muzkz.2023.03.11

Қазақ даласында XIX ғ. салынған қыстаулардың барлығы дерлік қоршаған табиғат ортасы, жергілікті ландшафтқа сай бой көтерген. Әсіресе қыстау орындарының орналасуына қысты күндері орын алатын жергілікті желдердің әсері негізгі фактор болып табылады. Осы себепті қыстаулар әр аймақта мүмкіндік беретін ықтасын орындар – тау-тас, сай-сала, қамыс-қопа, орман-тоғай, құм іші секілді орындарда пайда болады.

Қазақ мәтелі «Малшы малынан бұрын ауа-райының қас-қабағын бағады» дейді. Бір ғана осы мәтелдің бойында көшпелі шаруашылықтың сан ғасырлық сыры жатыр. Яғни, өзін қоршаған табиғи орта, жергілікті ауа-райының ерекшеліктерін меңгермей таза көшпелі шаруашылықты айтпағанда, жартылай отырықшы немесе жартылай көшпелі шаруашылық құру мүмкін емес. Осы себепті қазақтың мезгілдік қоныстары сан ғасырлық тәжірибенің жемісі болып табылады. Солтүстік Қазақстан өңірінің XIX ғасырдағы қазақ қыстаулары да бір ғана уақыттың емес, керісінше көп ғасырлық тәжірибе негізінде жергілікті табиғатты меңгеру нәтижесінде туындаған.

Солтүстік өңірлерде қазақтың тұрмыс-тіршілігінде маңызды орын алатын, яғни сақтанатын желі батыс беттен соғады. Осы себепті жергілікті халық арасында ауыз-екі сөзде батыс тарапты «жел жақ» деп атау қалыптасқан. Мысалы «Көкшетаудың жел жағында» деп сөз естісеңіз, оны «Көкшетаудың батыс жағы» деп түсінуіңіз керек.

Батыстан соғатын жел қазақ қыстауларының орналасуының негізгі әсер етуші факторы. Мысалы Торғайдағы (Қостанай облысы) Ұлыжыланшық өзенінің батыс жағын жергілікті халық «Жыланшықтың жел жақ беті» деп айтып жатады. Тиісінше ескі қазақ қыстаулары Ұлыжыланшықты бойлай ық жағын ала, яғни оң жағалауында орналасқан. Тек Ақкөлге құяр сағасына жақындағанда ғана қыстау орындары сол жақ бетте ұшыраса бастайды (өйткені осы тұста өзен оңтүстік-батысқа беталады да, оның сол жағы ыққа айналады). Тек Торғайда қазақ қыстаулары өзен бойында ғана емес, сонымен бірге қамыс-қопа, құм ішінде орналасқан.

Солтүстік аймақ орман-тоғайлы болып келетіндіктен, қазақ қыстаулары осы тоғайлардың шығыс жақ бетінде бой көтерген. Қыстаулар саны жағынан жекелеген түрде, екі-үштен, кейде жеті-сегізге дейін үйлерден құралған. Сақталған орындарына қарағанда көбіне тоғайдың ішіне ішкерлей орналасқан. Дегенмен шығыс тарабы қашанда ашық қалдырылған. Қыстау салу барысында материалға тиісті ағаштарды үй салатын алқап есебінен алып, осылайша орналасатын жерлерін жартылай дөңгелектеп, тоғай ішіне ішкерелей орналасуға тырысқаны байқалады. Осы себепті, яғни жан-жағынан «ай секілді» дөңгелене қоршаған тоғайлы қыстаулар жергілікті тілде «алқа», «алқа ағаш» атауларын тудырған. Яғни, «алқа ағаш» деп орман-тоғайлы жердің шығыс жағындағы ішке қарай иіле біткен тұсын айтады. Сондықтан жергілікті тұрғыннан естіген немесе картаға түскен «Алқағаш» деген атаулар тікелей қазақ қонысын нұсқаушы мәліметтер болып табылады. Есіл бойының тумасы, көшпелі қазақ тұрмысының ортасында дүниеге келіп, сол мәдениетті жастайынан бойына сіңірген өкілдердің бірі Сәбит Мұқанов «Өмір

мектебі» кітабында өзінің ауылы туралы: «Ауыл қалың ағаштың қырқа жондағы арасында тұрады. Төбеден жауған қар болмаса, қысты күні қалың ағаштан бұл ауылға боран беттей алмайды. Қырқа жонның нақ биігінде сай бар, көктем кезінде бұл сайда аттың бауырынан келерлік су жатады да төңіректей қалың ағаш өскен ауыл осы сайда дөңгелене орналасқан» деп сипаттайды.

Есілдің екі жақ беті орман-тоғайлы болып келетіндіктен ертеден бұл өңірлер жергілікті рулар үшін қыс айларында таптырмайтын қыстау маңызын атқарып келген. Осы себепті әлі күнге халық арасында әр орман немесе тоғайға байланысты «бәленшенің тоғайы», «бәленшенің қарағашы», «бәленшенің ауылы», «бәленшенің жұрты», «бәленше қонған» және т.с.с. атаулармен сақталып келе жатыр. Мысалы, Есіл ауданына қарасты Бұлақ ауылының төңірегіндегі тоғайлардың атауы: «Дүйсен қонған», «Тілептің жұрты», «Бостанның жұрты», «Оспан қажының жұрты», «Асылбай қарағашы», «Иманбайыр қарағашы» немесе Шал ақын ауданы жеріндегі Көктерек ауылының маңайындағы атауларға келсек «Тышқанның тоғайы», «Жанат ауылы», «Қозыбақ ауылы» деген секілді ескі жұрт орындары жалғаса береді. Кейбір ескі ауылдың жұрттарына бүгінде ұрпақтары белгі тас орнатып, тарихын қашап жазған жайттар да кездеседі. Мысалы «Әлти қажы қонысында» (Жамбыл ауданы) және «Күсеміс қыстауында» (Шал ақын ауданы) тас белгілер тұр.

2023 жылғы маусымдық зерттеулер барысында анықталған қазақ қыстауларының мерзімдемесіне келсек, арғы шеті XVIII ғасырға дейін барады. Мысалы, Есіл бойындағы (Шал ақын ауданы, Жаңажол ауылының маңайы) «Тышқан тоғайы» XVIII ғасырда атығай руының өкілі Тышқан батырдың қыстауы болып табылады (1). Дәл осы сияқты Сергеевка елді-мекенінің іргесіндегі Аютас жері Құлеке батырдың және оның баласы Шал ақынның қыстау орындары болған.

Назар аударарлық жайт XVIII ғасырдағы қазақ қыстаулары негізінен тоғай ығына орналасқан киіз үйлерден тұрса керек. Ағаштан немесе шымнан үй салу тек XIX ғасырдың орта кезінде жаппай орын ала бастайды. Мүмкін жекелеген ағаш үйлер XIX ғасырдың бас кезінде де болуы мүмкін. Өйткені XVIII ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі Есіл бойында жеклеген ру басшыларына қазына есебінен ағаш үйлер салып бере бастаған. Мысалы, мына бір деректе: «А ныне получает получивший старшинство по отце своем Куляке, сын его родной Кулебака-батыр, да сверх того и хлебное жалованье, и вверх по реке Ишиму в 40 верстах, от крепости св. Петра для зимнего житья построен ему дом. Старшине Байжигиту отпускается потому ж муки ржаной с 1761 года по 25 пуд на год, а в 1780 году вверх по реке Ишиму в 70 верстах построен дом» деп жазылады [Андреев, 1998: 39]. Осы қазына есебінен салынған үйлер кейін келе жекелеген адамдардың ынтасымен аймақта басқа да үйлердің бой көтеруіне мұрындық болуы мүмкін. 1860-ншы жылдары солтүстік аймақта санақ бойынша 7,167 қазақ қыстаулары есепке алынған [Красовский, Ч. III, 1868: 222]. Оның ішінде керей руында 1,176 үй, атығайларда 245 үй, қарауыл-уақ руларында 215 үй тіркелген (қалғандары басқа руларға тиісті: бәсентин, бура найман, қанжығалы, қыпшақ, төртуыл және т.б.). Деректерге қарағанда Есіл бойындағы қазақ үйлері ағаштан, шымнан көтерілген. М. Красовский солтүстікте орман арасында тұрсада қазақтар үйді көбіне шымнан соғатынын немесе ағаш арасы секілді ық жерлерде дүниелерін ағаш сарайларға жинап, өздері киізүйде тұра беретінін алға тартады [Красовский, Ч. III, 1868: 223-224]. 1865 жылы Петропавл маңында көрген қазақ қыстауын А.К. Гейнс: «Это просто порядочная хата с досчатый полом и потолком, со сносными окнами и стенами» деп жазады [Гейнс, 1897: 229].

Бұл жоғарыда жазған қазақ қыстаулары негізінен XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі деректер негізінде жазылған. XIX ғ. соңында бұл көрсеткіштер басқаша сипат алады. Өйткені ішкі Ресейден орыс шаруаларының Петропавл, Көкшетау уездеріне жаппай қоныстануы өлкеде мекендеуші рулардың дәстүрлі көш жолдарына, мезгілдік қоныстарына кері әсер етіп, ең шұрайлы жерлерінен айырылуына алып келді.

Қыс айларында орман-тоғайды мекендеген қазақ рулары жаз шыға ашық жерлерге кетуге тырысқан. «Мезгілдің даласы», «Мүзбелдің даласы» деген ашық далалар өңірдегі қазақ руларының жаз жайлаулары болған. М. Красовский Көкшетау уезін мекендеуші болыстар туралы: «Вообще отискать какой-нибудь порядок в летних передвижениях этой волости, да и почти всех кокчетавских, невозможно» деп жазған [Красовский, Ч. I, 1868: 359]. М. Красовскийдың жазып отырған кезінде (1860-шы жылдардың іші) Петропавл уезі жекеге шықпаған, бүкіл солтүстік өңір Көкшетау округіне қараған.

Қазақтың басқа аймақтарымен салыстырғанда солтүстік өңірлерде жаз жайлау үшін жердің тапшылығы бірден байқалады. Бұның себебін орыс шаруаларының келу себебінен ғана көрсек қателесеміз. Оның тамыры одан да тереңде. Иә, жер тапшылығының туындауы патша үкіметінің отарлау кезімен байланысты. Әкімшілдік реформалар негізінде қазақ рулары дәстүрлі көш жолдарын қысқартуға, жаңа ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Дегенмен солтүстіктегі қазақ руларының жерлерінің қомақты бөлігі «ащы шептің» сыртында, яғни Сібір жағында қалды. Бүгінде Ресейдің Тюмен, Курган және Омбы облыстары территорияларын қамтып жатқан Есіл даласы (Батыс Сібір жазығы) өңірдің байырғы мекендеушілері керей, уақ және қарауыл руларының мезгілдік қоныс орындары болуы тиіс. Бұл енді бөлек зерттеуді қажет ететін дүние.

XIX ғ. қазақ қыстаулары кешеніндегі назардан тыс қалып келе жатқан құрылыстардың бірі – мешіт орындары. Қазақ даласының кез келген аймағынан әлі күнге жақсы деңгейде сақталып келе жатқан, жартылай қираған немесе іргетасы сақталған мешіт құрылыстарын кездестіруге болады. Солтүстік өңірлерде де XIX ғ. екінші жартысында қазақ қыстауларында мешіттер бой көтере бастаған. Мысалға Есіл ауданына қарасты Покровское елді-мекенінің (1891 жылы құрылған) орнында «Молдабай ауылы» деген қазақ ауылы болған. Осы жерде Қосшығұл мешіті бой көтерген. Осы себепті Покровское елді-мекені «Кочугулово» деген қосалқы атаумен аталады. Орыс шаруаларының аузында бұл жерге көпке дейін «Кочугулова мечет» деп аталып келген [Материалы..., 1907: 61]. Дәл осы секілді СҚО Жамбыл ауданына қарасты Спасское елді-мекенінің (1895 жылы ашылған) батыс жағында, Қоржынкөлдің жағасында Осман мешіті болған. Деректерде бұл жер «Осман мешіті» деумен қатар, «мешіт басы» деп кездеседі [Материалы..., 1907: 80, 128]. Өкінішке орай бұл мешіттердің орындарын анықтау еш нәтиже бермеді. Дегенмен 2023 жылы экспедициялық жұмыстар барысында Шал ақын ауданы Көктерек ауылының маңынан Сыздық қажының мешітінің орнын анықтаудың сәті түсті. Мешіттің төмен жағында тоғай ішінде Сыздық қажының қабірі орналасқан. Басына көктас қойылған (сурет 1). Негізі ел ішінде қажылар, олардың зираттары, мешіттері жөнінде мәліметтер өте көп сақталған.





Сурет 1

Діни сауаттылық және арабша хат тану солтүстік аймақтарда XIX ғасырда өте қарқынды жүргені байқалады. Осы себепті зираттарда араб тілінде мәліметтер жазылған көктастар қойыла бастаған. Өкінішке орай бүгінде сақталып жеткені некен-саяқ. Кейбір қорымдарда бірді-екілі сақталып қалған. Бұл жағынан алғанда Есперлі қорымы ерекше көзге түседі. Әзірге экспедиция барысында көктастардың жақсы сақталып қалғаны, әрі шоғырлана орналасқаны осы қорым болып табылады.

Есперлі қорымы Жамбыл ауданы Есперлі ауылының солтүстігінде 3-4 шақырым жерде орын тепкен (сурет 2). Қорым ашық дөңестеу жерде орын тепкен. Қорымның батыс шетінде биіктігі 2,5 м болатын сақ дәуірінің жалғыз обасы орналасқан. Қорым жүзден аса қабір үсті үйінділерінен тұрады. Бұл қорымның ерекшелігі сол, ескерткіште 17 көктас сақталып қалған. Оның ішінде 15-і құламай тігінен тұр. Екеуінен басқасында арабша мәтіндер бар. Көктастар XIX екінші жартысы және XX ғ. бас кезіне тиесілі. Жазуларына қарағанда қорым түгелдей дерлік уақ руының (бидалы, шоға) өкілдерінікі. Қорым бетінге дейін пайдаланылып келген. Өйткені қорымдағы (бірі тұрған және құлап жатқан) екі көктас XX ғ. 40-50-жылдарында қайтыс болған адамдарға қойылған. Бұл соңғы көктастар цементтен құйылып, бетіндегі жазуды кириллицамен түсірген.



Сурет 2

Солтүстік өңірде бой көтеріп тұрған қазақ зираттарының арасында XIX ғасырға не одан ерте уақыттыкі болып саналатын түрін кездестіру мүмкін емес (мүмкін біз болмаған өңірлерде болмаса). Зиратты ерекшелейтін және оның уақытын болжауға мүмкіндік беретін тек көктастар ғана. Оның өзінде көбінде көктастар сақталмаған. Қазақ-жоңғар кезеңі, яғни XVIII ғ. жататын Қожаберген жырау, Сары мен Сүйір батырлар, Құлсары батырдың молалары жаңадан тұрғызылған заманауи ескерткіштер болып табылады.

Көз жеткізген жайт, көбіне қазақ зираттары жекеше немесе жалғыз тұрған сақ обасының (ерте темір ғасыры) шығыс және оңтүстік жағын ала орналасады. XIX ғ. қазақ зираттарының құрылысы қарапайым, жай ғана үйінді топырақтан тұрады. Әдетте қабір маңайын тереңдеу ор қылып қазып моланың төртбұрышты нышанын жасаған. Кейбірінің көлеміне қарағанда екі адамға қатар жасағандай әсер қалдырады. Кейбір қабірлер о баста шымнан көтеріліп, кейін уақыт өте келе шөгіп кетуі де мүмкін. Кейбірінің үстінде ағаштан құрылыс тұрғызылған болуы тиіс. А.К. Гейнс Петропавл қаласынан алыс емес маңда шымнан және ағаштан тұрғызылған қазақ зираттарын көріп сипаттап жазған. Ол: «Первая величиною около сажени, высотой, как мне казалось, до аршина с усеченными четырёхугольными пирамидками из дерна же по углам. Срубы, четырёхугольные же в основании, нескладно суживаются кверху» деп жазады [Гейнс, 1897: 226]. Экспедиция кезінде кейбір информаторлар белгілі бір тұлғаның зираты жөнінде әңгіме қозғағанда ағаштан тұрғызылған құрылыстар жөнінде мәліметтер жеткізіп отырды. Мысалы, Тайынша ауданы Теңдік ауылы тұрғыны Есхан қарияның айтуынша Құрбан қажының мыңнан аса жылқысы болған. Зираты ағаштан тұрғызылыпты, Теңдік ауылының жанында болған. Бірақ зираты даладан болған өрт кезінде жанып кеткен. Бәйбішесі Ардақтың зираты Тайыншаға кетіп бара жатқан жол бойында (II). Дәл осы Құрбан қажының үйінде 1865 жылы А.К. Гейнс жолай тоқтап, қонақ болады. Ол Құрбан қажының (Курман-Хаджи Джитыбаев) киіз үйін: «Юрта весьма красива; кругом на высоких подставках из сложенных войлоков стояли русские окованные железом сундуки. Между ними фигурировал не на последнем месте погребец, изделие Москвы. Пол был выставлен узорчатами войлоками» деп сипаттайды [Гейнс, 1897: 246].

Солтүстік өңірдің қабір құрылысында да өзіндік ерекшеліктері бар. Мәйітті жерлейтін орынды «лақыт» деп атайды (Қазақстанның басқа өңірлерінде, мысалы Ұлытау



жағында «лақат» деп атайды). Ол үшін қабірдің төмен жағында бүйірлей қазып орын жасайды. Қабірді жабуда «бетағаш» пайдаланады. XIX ғасырда бетағаш орнына қабір ішін бастан аяқ жылқының қылымен толтырып шыққан жайттар да кездеседі. Мысалы қазіргі Балуан ауылы (Шал ақын ауданы) төңірегінде Тұрыпберлі деген бай болған. Информатор Балғабайдың (Тұрыпберлінің ұрпағы) айтуынша байдың жылқысының көптігі сонша, жыл сайын казак әскері үшін үкімет одан 2-3 мың еркек бас жылқы сатып алып отырған. Осы Тұрыпберлі әулетінің зиратында бірқатар қабір ішін жылқы қылымен толтырып тастаған. Балғабайдың айтуынша көбіне бетағаш уақыт өте келе омырылып қабір үңірейіп қалатын жағдайлар болады. Осы себепті жылқының қылы қабірдің ортасы ішіне түспес үшін, әрі жабайы аңдардың қазуынан сақтауда маңыз атқарған. Расында да Тұрыпберлі зиратындағы кейбір қабір үйінділері өзінің биіктігімен ерекшеленеді. Назар аударарлық жайт Тұрыпберлі байдың өзі бұл зиратта жоқ. Ол «тақыр қоян жылғы жұтта» жылқысымен батыс жаққа кетіп, жолда қайтыс болып, сүйегі сонда қалған (III).

Солтүстікте көне обаларға қатысты жергілікті тұрғындар арасында айтылатын естек халқы, «естектер моласы» деген түсініктер де назар аударарлық жайттың бірі. Мысалға, Бұлақ ауылының тұрғыны Серкелбай ақсақал ауыл зиратының ішіне орналасқан бірнеше обаны бізге «естектердікі» деп көрсетті (IV). Бұл зираттағы «естек молалары» сырт қарағанда сақтардыкіне келеді, дегенмен ретсіз орналасуына қарағанда ортағасырлық болуы да мүмкін.

Әдетте қазақ даласында көне обаларды «қалмақ обасы» деп атау қалыптасқан. Сондықтан «естек моласы» деген атау бұл солтүстік өңірге тән өзіндік бір ерекшелік. 2003-2004 жылдары батыс Моңғолия аймағында экспедицияда жүргенімізде моңғол халықтарының (уранхай, тыба, зақшын) көне обаларды «қырғыз моласы» деп атайтынын анықтаған болатынбыз. Міне, бұл көне обаларды түркі-моңғол халықтарының арасында жаугершілік уақытпен байланысты өзінше ерекшеліп айтатын көріністердің бірі.

Естек халқы туралы түсінік тек көне молалармен ғана байланысты сақталмаған. Жоғарыда жазғанымыздай Құлсары, Құлеке, Тышқан батырлар Есіл бойын естектерден жаулап алған. Тіпті, Бұлақ ауылының тұрғындарының және Серкелбай ақсақалдың айтуынша, естектер қазақ арасында әлі күнге мекендеп келе жатыр. Олардың айтуынша Зеренді ауылында біршама естектер тұрады. Солтүстік аймақта қазақтардың естектермен қатар жайлауы немесе жер үшін соғысулары қазақ аңыз, жырларында өте көп тараған. Ол турасында М. Жүсіптің шығармаларында (қыпшақ, керей, сүйіндік руларына байланысты) көптеп кездеседі. Қожаберген жыраудың жырларының бірінде «Ақтабан шұбырынды кезінде» керей руымен бірге естектердің де шапқыншылыққа ұшырап Қорғалжын көліне келіп паналағаны айтылады. Жырда бұл тұс:

«Сібірде қалмақтардан соққы көрген,  
Татарлар керейлердің көшіне ерген.  
Шалабай аймағының естектері,

Ілесіп қазақтарға о да келген» деп келеді [Қожаберген жырау, 2007: 147]. Шалабай көлі СҚО Жамбыл ауданы жерінде ұшырасады. Бүгінде Шалабай көлінің жағасында Тройцкі елді-мекені (1895 ж. құрылған) орналасқан.

Әдетте қазақтар «естек» деп көбіне башқұрт халқын айтып жатады. Бірақ XVIII ғ. Есіл мен Ертіс арасын мекендеген естектерді башқұрт халқымен байланыстыру қиын. Бір жағы естек атауының түп-төркіні хантармен (остяк) байланысты екендігі анық. Көне уақыттарда керей-уақтар қыс уақыттарында Сібір омандарында остяктармен қарым-қатынаста болуы да мүмкін. Бірақ бұл атау кейін жергілікті бір этникалық топпен байланыстырылады. Батыс Сібір аймағында кең тараған естек (иштяк, уштяк) этнонимі бүгінде тарих ғылымында бір жақты шешім таппаған. Жалпы естек этнонимі және Сібір татарлары жөнінде Д.М. Исхаковтың мақаласында кең сипатталады [Исхаков].

Қорыта айтқанда 2023 жылғы этноархеологиялық зерттеулер СҚО бойынша көптеген маңызды мәліметтер жинақтады. Бұл мақалада үстіртін кейбір ерекшеліктерін ғана көрсетуге тырыстық. Жинақталған материалдарды қорытындылау, ақтаңдақ тұстарын



анықтау және ғылыми айналысқа қосу алдағы зерттеулердің негізгі бағыты болып табылады.

### ИНФОРМАТОРЛАР:

I Кулекин Секен. 1940 ж.т. Руы: арғын-атығай-құдайберлі. – Шал ақын ауданы, Көктерек ауылы.

II Бектасов Есхан. 1928 ж.т. Руы: арғын-атығай-құлансу. – Тайынша ауданы, Теңдік ауылы.

III Балғабай Бірімжанов. 1973 ж.т. Руы: керей-ашамай-қантай. – Шал ақын ауданы, Семиполка ауылы.

IV Тыныбеков Серкелбай. 1955 ж.т. Руы: арғын-қарауыл-төлек. – Есіл ауданы, Бұлақ ауылы.

### ӘДЕБИЕТ

*Андреев И.Г.* Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Алматы, 1998. 280 с.

*Гейнс А.К.* Дневник 1865 года. Путешествие по Киргизским степям//Собрание литературных трудов. Т. I. С.-Петербург, 1897. 594 с.

*Красовский М.* Область Сибирских киргизов. Материалы для географий и статистики России собранные офицерами генерального штаба. Ч. I. Санкт-Петербург, 1868. 430 с.

*Красовский М.* Область Сибирских киргизов. Материалы для географий и статистики России собранных офицерами генерального штаба. Ч. III. Санкт-Петербург, 1868. 268 с.

*Қожаберген жырау:* өлеңдер, толғаулар, дастандар. (Құраст. С.Жұмабаев, Қ.Биғожин). Алматы, 2007. 272 б.

Материалы по переселенческому хозяйству в Степной и Тургайской областях (собранные и разработанные экспедицией по исследованию Степных областей). Акмолинская область Петропавловский уезд. Т. 4. Санкт-Петербург, 1907.

### REFERENCES

*Andreyev I.G.* Opisaniye Sredney ordy kirgiz-kaysakov. Almaty, 1998. 280 p.

*Geyns A.K.* Dnevnik 1865 goda. Puteshestviye po Kirgizskim stepyam // Sobraniye literaturnykh trudov. Vol. I. St. Peterburg, 1897. 594 p.

*Krasovskiy M.* Oblast' Sibirskikh kirgizov. Materialy dlya geografiy i statistiki Rossii sobrannyye ofitserami general'nogo shtaba. Part. I. St. Peterburg, 1868. 430 p.

*Krasovskiy M.* Oblast' Sibirskikh kirgizov. Materialy dlya geografiy i statistiki Rossii sobrannyn ofitserami general'nogo shtaba. Part. III. St. Peterburg, 1868. 268 p.

*Kozhabergen zhyraw:* olender, tolgawlar, dastandar. (Kurast. S.Jumabayev, K.Bigozhin). Almaty, 2007. 272 p.

Materialy po pereselencheskomu khozyaystvu v Stepnoy i Turgayskoy oblastiakh (sobrannyye i razrabotannyye ekspeditsiyeyu po issledovaniyu Stepnykh oblastey). Akmolinskaya oblast' Petropavlovskiy uyezd". Vol. 4. St. Peterburg, 1907.

**Автор туралы мәлімет:** Ошанов Орынбай Жаңабайұлы – Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Аға ғылыми қызметкері (Алматы қаласы Қазақстан). E-mail: [dadan@mail.ru](mailto: dadan@mail.ru)

**Сведения об авторе:** Ошанов Орынбай Жанабайұлы – старший научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана (г. Алматы, Казахстан). E-mail: [dadan@mail.ru](mailto: dadan@mail.ru)

**Information about the author:** Orynbay Zh. Oshanov – Senior Research Fellow of the Institute of Archeology named A.Kh. Margulan (Almaty, Kazakhstan). E-mail: [dadan@mail.ru](mailto: dadan@mail.ru)